

«Күншуақ» балалар бақшасы ЖШС

Менгеруші жанындағы кеңес

Хаттама № 1-

10 қыркүйек 2017 жыл

Қатыскандар: барлық педагогтар

Күн тәртібінде:

1. «Білім күні» байланысты өтілген оқу қызметі туралы

2. Тілдер мерекесін өткізу жоспарын талқылап бекіту

Тындалды:

Бұл мәселелер жөнінде балабақша әдіскері сөйлемді:

«Білім күні» мерекесіне байланысты тәрбиеші М.Маханбетова оқу қызметін өтті.

Онда балаларға 1-қыркүйек күні – білім күні жайында түсінік беру. Өз тұған елдеріне, жерлеріне, балабақшасына сүйіспеншілікке тәрбиелеу.

Байланыстырып сөйлеуге, сөйлем құра білуге үйрету мақсатын қойды.

Көрнекі-құралдарға Қазақстан Республикасының рәміздері, түрлі суреттер пайдаланды.

Балаларға сұрақтар қоя отырып жүргізді. Балалар жауап беріп отырды.

Тақпақтар айтылып, ойындар ойналды. Оқу қызметі жақсы өтті. Балалар мерекені сезінді.

2 мәселе бойынша «Тіл мерекесінің» жоспарымен таныстыруды. Эр тәрбиешіге, саз жетекшісіне атқаратын жұмыстарын бөліп берді. Бұл іс шараға да дайындықты жоғары дәрежеде жүргізу керектігі айтылды.

Сөз алған тәрбиешілер жасалған жоспарды бірауыздан макұлдаپ қолдады.

Шешім етеді:

1. «Білім күніне» байланысты өтілген оқу қызметі қанағаттанарлық деп бағалансын.
2. «Тілдер» мерекесіне байланысты жасалған жоспар бекітіліп, соған байланысты дайындық жұмыстары жүргізілсін.

Кеңес төрайымы:

Хатшысы:

Л.Кунходжаева

М.Маханбетова



«Күншуақ» балалар бақшасы ЖШС

Менгеруші жанындағы кеңес

Хаттама № 2

18 желтоқсан 2017 жыл

Қатысқандар: барлық педагогтар

Күн тәртібінде:

1. Жаңа жылдың ертеңгілікті ұйымдастыру мен өткізу бойынша әдістемелік кеңес
2. Талдау : Топ құжаттарының жағдайы
3. Сауалнама : «Ұжымдағы психологиялық ахуалды анықтау»

Тындалды:

1-мәселе бойынша балалар бақшасының менгерушісі К.Кунходжаева
Жаңа жыл ертеңгілігінің жоспары жасалынып барлығыңыз таныстырылғыздар. Енді сол
жоспар бойынша әр қызметкер өздеріне тиісті жұмыстармен айналысып, осы ертеңгілікті
жоғары дәрежеде өткізуге ат салысувымыз керек. Шырша кезіндегі қауіпсіздік
ережелерімен толық таныстырады. Қауіпсіздік ережесін қатаң ұстаудымыз керек.

2-мәселе бойынша әдіскер сейледі: топ құжаттарының жағдайын үнемі тексеріп
отырамын. Тәрбиешілердің портфолиосы толықтыру қажет. Әр баланың портфолиосы да
толық еместігі байқалды. Балалардың күнделікті қатысымы, температуралық дәптерлері .
апталық циклограммалары түгел. Тәрбиешілер жұмысының тағы бір кемшілігі ата-аналар
жиналысының хаттамаларын жазылмаған, ортаңғы топтық түгел емес. Балалар
құжаттары түгел. Медициналық паспорттары толық емес. Бұл жөнінде медбикеге
ескертілді.

Тәрбиешілерге кемшіліктері айтылды, уақыт берілді.

3-мәселе бойынша балабақша психологи Гүлман Г. педагогтар арасында
психологиялық тренинг өткізді.

Осы күн тәртібіндегі мәселелер бойынша сез алған тәрбиешілер Балғабаева пен Туашова
Р. Бүгінгі психологиялық тренингтен жақсы әсер алғандықтарын, осындағы тренингтер
жас педагогтар арасында жиі өткізіліп тұру керектігін айттып өтті.
Жаңа жыл ертеңгілігіне ата-аналарды да араластыратындықтарын, қазір дайындық
жұмыстарын жүргізіп жатқандықтарын айтты.

Топ тәрбиешілері топ құжаттары бойынша кемшіліктерді тез арада ретке
келтіретіндіктерін айтты.

Шешім етеді:

1. Жаңа жыл мерекесіне орай өткізілетін ертеңгілік барысында қакіпсіздік ережелері
қатаң сақталсын.
2. Топ құжаттарында айтылған кемшіліктер тез арада қалпына келтірілсін.
3. Ұжым арасында онтайлы психологиялық климат қалыптастыру мақсатында өтілген
тренинг қанағаттанарлық деп бағалансын.

Кеңес төрайымы:

Л.Кунходжаева

Хатшысы:

М.Маханбетова



«Күншуақ» балалар бақшасы ЖШС

02.03.2018жыл

Хаттама № 3

«Күншуақ» балалар бақшасы ЖШС 02.03.2018 жылы менгеруші жанындағы мәжіліс болып өтті.

Күн тәртібінде:

1. Балабақша ауласын тазарту, ақтау және безендіру жұмыстарын жүргізу туралы
2. 8-наурыз Халықаралық әйелдер күні мерекесіне байланысты өтілетін іс-шараның дайындық барысы туралы

Тыңдалды:

1-мәселе бойынша балабақша менгерушісі К.Кунходжаева көктемнің шығуына байланысты балабақша айналасын қыстан қалған қоқыстардан тазалап, шарбақтан мен қабырғаларды әктеуді бастау керектігі және ескірген безендірулерді жаңартып қайта жасау керектігін айттып өтті.

2 мәселе бойынша балабақша әдіскері Л.Кунходжаева алда келе жатқан мерекемен қыз-келіншектерді құттықтай отырып, іс –шараға дайындықтың жүріп жатқандығын, балалардың биі, әндері, тақпақтары дайын екендітерін, балалардың аналарына сыйлайтын қолөнерлерін де дайындалғандағы қолөнерлерін айтты.

Жарыс сөзге шыққан тәрбиеші Ниетхан Ә. мен Шорабекова З. балаларды дайындалғанда жатқанын, енді дүйсенбі күні безендірулерін дайындаудың қолөнерлерін айтты.

Сонынан ауланы безендіру жұмыстары бойынша әдіскер барлық қызыметкерлерге тапсырма берді.

Шешім етеді:

1. Балалар бақшасының ауласын және балабақшага тиісті көше тазалығы, мен әктеу жұмыстары жүргізілсін.
2. Балабақша ауласын безендіру, жаңарту жұмыстарына басшылық жасап, безендіру жасауда талғамға, талапқа сай эстетикалы етіп жасау қадағалансын.
3. Мерекеге байланысты іс шара 07.03. күні сағат 11.00де өткізілсін.

Мәжіліс төрайымы:  К.Кунходжаева

Хатшысы:  М.Маханбетова

**«Күншуак» балалар бақшасы ЖШС
Менгеруші жанындағы кеңес**

Хаттама № 4

14 мамыр 2018 жыл

Күн тәртібінде:

1. Таңертеңгілік қабылдау (таза ауадағы таңертеңгілік жаттығу)
2. Кеңес : Жазғы мерзімдегі сауықтыру шараларын қолданудың тиімділігі

Тындалды:

1-мәселе бойынша балабақша медбикесі Өмірбек Т. мәлімдеме жасады.
Ол алдымен таңертеңгілік жаттығудың маңызына тоқталып өтті.
Таңертеңгі жаттығумен жүйелі айналысуышыларда үйқышылдық жоғалады, эмоционалдық өрлеу басталады, ең қабілеттілігі артады, балаларды тәртіптендіреді. Сөйтіп таңертеңгі жаттығу жасау алдында мулде ерекше міндеттер қойылмайды, атап айтқанда: бала организмін «ояту», оны әрекетшіл қалыпқа келтіру, жан - жақтылыққа, бірақ бұлшық ет жүйесіне жайлап ықпал ететіндей, организмің жүрек, тынысы және басқа функцияларының қызметін белсендері, ішкі органдар мен сезім органдарының жұмысын стимулдау, тұлғаның дұрыс, жүрістің жақсы қалыптасуына ықпал ету, табанның қисайып кетпеуін болдырмау. Егер балалар күн сайын таңертең дене жаттығуын жасауга дағдыланса және мудделі болса, ертеңгілік жаттығу сонысымен құнды. Осындағай пайдалы әдет адамда өмір бойында сақталады. Таңертеңгі жаттығу балалар бақшасында күнді үйымдаскан түрде бастауға мүмкіндік береді, күн кестесін дәл орындауға ықпал етеді. Бір уақыттың ішінде бірге жүргізілген бірқалыпты қымыл қызметінде жүгіріп, секіріп, үлгеріп, алып ұшқан балалар тынышталады, ал белсендерінің белсендеріненеді. Таңертеңгілік жаттығу балаларды ақыл-ой адамгершілік, еңбек және эстетикалық жағынан тәрбиелу жұмысын жүзеге асыруға, олардың сергек, шат көңілді және күні бойы белсендері болуарына ықпал етуі тиіс. Таңертеңгі жаттығу балаларды сауықтыру мен тәрбиелеудегі бағалы қурал болып табылады. Таңертеңгі жаттығу балалар бақшасында күнді үйымдаскан түрде бастауға мүмкіндік береді, күн кестесін дәл орындауға ықпал етеді.

Балабақшада таңертеңгілік жаттығулар балалардың сапқа тұруымен басталады. Бұл сапқа тұрғызу тез өтеді, балаларды топтың ауданына бірдей орналастыру үшін маңызы өте зор. Содан балалардың зейінін аударып, жүруден және женіл жүгіруден бастауынызға болады.

II кіші топтарда күнделікті тәңертеңгілік жаттығулар үйымдастырылады. Таңертеңгілік жаттығулар жиынның ай сайын ауыстырылады. Әр топтама өзгертілмей, бір ай бойы, жылдың жылы мерзімінде таза ауада, салқын мерзімінде бөлмеде өткізіледі. Жаттығуларды орындау үшін сәби жасындағы балаларды шенбер бойынша тұрғызуға қолайлырақ. Орындалатын әрбір жаттығуды 4-5 рет қайталауға болады.

Ортаңғы топтарда күнделікті тәңертеңгілік жаттығулар үйымдастырылады. Таңертеңгі жаттығулар жиынның әр айда екі рет ауыстырылады. Орындалатын әрбір жаттығулар 4-5 рет қайталаады. Ең соңында жаттығулардан кейін көңілді, қызықты, қымылды ойын үйымдастырылады.

Танертеңгілік гимнастика бала ағзасын белсенді етуге, жұмыс қабілеттілігін жоғарылатуға, тұлғаның дұрыс түзулігін қалыптастыруға бағытталады. Оның амалдары: қарапайым түрдегі жаттығулар, су процедурасы, шынығу, массаж. Танертеңгілік гимнастиканың ұзақтығы 2-ден 4 жасқа дейінгі балаларға 5-6 минут, 4-тен 5 жасқа дейінгі балаларға 6-7 минут, 5-тен 6-ға дейінгі балаларға 8-10 минут. Танертеңгілік гимнастиканың құрымы мынандай болуы мүмкін: жұру, жүгіру жаттығулары, қол және иық жаттығулары, кеуде, арқа, іш еттеріне арналған жаттығулар, қысқа жүгіру және ағзаны қалпына келтіретін жұру жаттығулары.

Қорыта айтқанда балалар бақшасындағы танертеңгілік жаттығулардың ерекшелігі – балалардың дұрыс қимылдау үйрету. Бұл жағдайда балаларда қеңістіктегі орнын бағдарлай білуі, қимылды айқын, дәл, тәрбиеші ұсынған екпінде, ыргақта, бағытта орындауы, әр баланың, қимылы бүкіл ұжымның қозғалысымен үйлесуі пісіп, жетіледі. Танертеңгілік жаттығудың үйымдастырушылық және тәртіптеушілік үлкен маңызы бар. 2-мәселе бойынша балабақша әдіскерінің кеңесі тындалды.

Мектепке дейінгі ұйымның алдында тұрған жауапты міндет- күрделі, өмірден өз орыннын таба білетін дені сау, мәдениетті, шығармашылық жеке тұлғаны тәрбиелу.

Сауықтыру жұмыстарының жүйелі өткізу:

- әрбір бүлдіршінің қабілеттерін ашуға кажетті жағдай жасау;
- бала өмірін қызықты және мазмұнды ету;
- құрдастармен және ересектермен қарым –қатынаста жұмыс жасауға үйрету;
- дene және психикалық денсаулығының нығайту;
- қажетті іс - әрекетті белсене және өз бетінше орындауға;
- валеологиялық білімін іс-тәжірибеде өздігінен іске асыра және спорттың әртүрлі түрлерімен айналыса білуге мүмкіндік береді.

Жаз кезінде балалардың ағзасын сауықтыруға, эмоциалық, жеке тұлғалық, танымдық тұрғыда дамытуға септігін тигізетін жағдай жасау үшін ересектердің (балабақша қызметкерлер мен ата-аналарды) күшін жұмылдыру, біріктіру.

Жазғы кезде балалардың таза ауада болу уақыты ұзарады, оку сабактарының саны қыскарады, сабактар ашық ауада өткізіледі. Содықтан да балалардың жыл бойғы алған білімін, біліктілік дағдыларын, қабілеттерін көрсетуге еркіндік беріледі.

Сауықтыру-шынықтыру уақытында сабактастық сақталады. Жоспарлы жұмыс құру үлкен жетістікке, нәтижеге ие болады.

Жазғы сауықтыру кезеңін топтамалары:

- 1.Күн тәртібін жазғы кезеңге сәйкес құру
- 2.Жазғы кезеңдегі тамақтануды үйымдастыру
- 3.Профилактикалық сауықтыру жұмыстары
- 4.Шынықтыру іс-шаралары
- 5.Арнайы сауықтыру жұмыстары.
- 6.Ата-анамен жұмыс
- 7.Экологиялық сауықтырулар.

Топтамалар төмөндеғідей жұмыс түрлерін қамтиды мысалы:

1-Ерікті тақырыптық: туған күндер, байқаулар, спорттық жарыстар, апталықтар, тақырыптық көрмелер, т.б

2-Сауықтыру, шынығу:

3-топтама. Профилактикалық және сауықтыру жұмыстары

Мақсаты: балалардың денсаулығын сақтау әрі нығайту, гигиеналық және дene шынықтыру мәдениеті негіздерін, денсаулыққа маңызды өмірлік құндылықтарды қалыптастыру.

Осы мәселелер бойынша сез алған тәрбиешілер М.Маханбетова, З.Шорабекова балаларды таңғы жаттығуы ұйқыларын ашатындығын, белсенділіктері артатындығын, жаттығуды күнделікті жиынтық бойынша жасатып жургендерін айтып өтті.

Шешім етеді:

1. Таңтеренгілік жаттығу балаларды ақыл-ой адамгершілік, еңбек және эстетикалық жағынан тәрбиелу жұмысын жүзеге асыруға, олардың сергек, шат көнілді және күні бойы белсенді болуларына ықпал ететіндегі үйымдастырылсын
 2. Жоспар бойынша үйымдастырылатын сауықтыру жұмыстарын жүйелі өткізу, әрбір бүлдіршіннің қабілеттерін ашуға қажетті жағдай жасалатындей; бала өмірін қызықты және мазмұнды етіп өткізетіндегі жоғары деңгейде өткізілсін.

Кенес төрайымы: **Хатшысы:**



Л.Кунходжаева
М.Маханбетова

ЖШС «Күншуак» балалар бақшасы

Менгеруші жанындағы кеңес

Арыс қаласы

3 қыркүйек 2018жыл

Хаттама № 1

Катысуға тиісті: 16

Катысқандар: 14

Катыспағаны:

Күн тәртібінде:

1. Жаңа оқу жылының ұйымдық басталуы
2. Педагогикалық кадрларды орналастыру
3. Топтардың санитарлық жай күйі
1. Жаңа оқу жылының ұйымдық басталуы Жауапты: әдіскер, тәрбиешілер
2. Педагогикалық кадрларды орналастыру. Жауапты: менгеруші
3. Топтардың санитарлық жай күйі .Жауапты: медбике Өмірбек Т.

Балабақша менгерушісі К.Кунходжаева кезекті менгеруші жанындағы кеңесті ашып берді. Тәрбиешілерді жаңа оқу жылымен құттықтап, табыстар тіледі. Балабақшамызды одан әрі дамытып, ұйымшылдықпен жұмыс жасауға шақырды.

Күн тәртібіндегі мәселелер бойынша тыңдалды:

1. Балабақша әдіскері Кунходжаева Л. жаңа оқу жылының мақсат міндеттері мен таныстырып, қызметкерлермен ұжымдық келісім шарт жасалды.
2. Балабақша мекемесінің күн режимі стандарт талаптарына сәйкес құрылып, бекітіліп топтарға беріліп, күн режимі бойынша
3. «Алтын күз» мерекелеріне арналған іс-шаралар ұйымдастырылып, әр топқа сценарийлерді жасап бекіту және өткізу сапасын арттыруды тапсырды.

Күн тәртібіндегі мәселелер бойынша қойылған сұрақтар мен ұсыныстар: Топ тәрбиешілері күн тәртібіндегі үш мәселе бойынша : мысалы «Арман» тобының тәрбиешісі Шорабекова З. ұжымдық келісім шарттың талаптарымен келісетінін айтып, жаңа оқу жылынада сәттілік тіледі. Дәл осылай , ұжым мүшелері өз ойларын ортаға сала отырып, керекті

құралдарын, атап айтқанда, дene шынықтыру үйымдастырылған оқу қызметіне қолданатын доптар, кеглилер керектігін айтты.

Балаларға мерекеге байланысты жеміс-жидек киімін тіктірсек деген ұсыныстар болды.

Әдіскер Кунходжаева Л. бүгінгі мәселеде қаралған ертеңгіліктердің, күндерін бекітіп, іс-қағаздарымызға, өте мұқият болуымызды ескертті.

Қабылданған шешім:

1. Мемлекеттік ЖМБСтандарттың талаптары талқыланып бекітілсін.
2. Балалардың балабақшадағы адаптациялық кезеңін үйымдастыру шаралары, топ толымдығы молайтылып бекітілсін.
3. «Алтын куз» мерекелеріне арналған іс-шараларды үйымдастыру, сценарийін бекіту және өткізу сапалары талданып бекітілсін.

Кенес төрайымы:

Хатшы:



К.Кунходжаева

Г.Құлман

ЖШС «Күншуақ» балалар бақшасы

Менгеруші жанындағы кеңес

Арыс қаласы

01 қазан 2018жыл

Хаттама № 2

Катысуға тиісті: 16

Катысқандар: 14

Катыспағаны:

Күн тәртібінде:

1. Санитарлық –гигиеналық жағдайды тексеру және орындалуын қадағалау. Жауапты: Өмірбек Т.
2. Ұйқыдан кейінгі шынықтыру шараларының ұйымдастырылу барысы

Жауапты: Тәрбиешілер

Күн тәртібіндегі мәселелер бойынша тыңдалды:

1. Санитарлық –гигиеналық жағдайды тексеру және орындалуын қадағалау барысында балабақшамыздың медбикесі Өмірбек Тоқжан балалардың тазалығы, топтардың тазалық сактау кестесін және ойыншықтарды жуу ережелерін кеңінен айттып берді. Айна бір рет болатын күрделі тазалық қалай өту керек және оны қалай жасау ережелерін кеңінен талқылады. Тәрбиешілерге балалардың тазалық дәптерін және бөлмелерге кварц қою дәптерін арнауларын айтты.
2. Балабақшамыздың әдіскері Кунходжаева Л. караша айындағы мерекелеріне арналған іс-шараларды ұйымдастыру және сценарийін бекіту, өткізу сапасын талдады. Ертеңгілік өз тақырыбына сай мәнді, мәнерлі және әр топтың жас ерекшелігіне сай болуы қажеттілігін накты айтты. Өткізу күндерін белгілеп берді және көрнекіліктер мерекелік ертеңгілікке сай болуы қажет екендігін айтты.

Күн тәртібіндегі мәселелер бойынша қойылған сұраптар мен

ұсыныстар: Санитарлық –гигиеналық талапка сай аптасына бір рет болатын күрделі тазалық жөнінде тәрбиешілер ыдыс-аяқ, ойыншықтарды, сөрелерді жуғанда пайдаланатын хлордың қанша көлемде пайдалану керек екендігін және жатын бөлме, ойын бөлме,

дәліз бөлмелерге кварц қою ережелерін, уақытын нақты сұрады. «Тілдер мерекесі», «Мұғалімдер күні», «Республика күні» мерекелеріне арналған іс-шараларды ұйымдастыру барысында барлық балабакша қызметкерлері бір ауыздан жұмылып жұмыс жасауға ұсыныстарын айтты. Дәл осылай, ұжым мүшелері өз ойларын ортага сала отырып, керекті құралдарын, атап айтқанда, тәрбиеші Маханбетова М. ұйымдастырылған оқу қызметіне қолданатын тақта керектігін айтты.

Қабылданған шешім:

1. Санитарлық –гигиеналық жағдайды тексеру және орындалуын кадағалау барысы молайтылсын.
 2. «Алтын күз» мерекелеріне арналған іс-шараларды үйымдастыру, сценарийін бекіту және өткізу сапасын талдау шаралары бекітілсін.

Балабақша менгерушісі:

Хатшы:



Styrah
Bry

К.Кунходжаева

Г.Кулман

ЖШС «Күнишuaқ» балалар бақшасы менгеруші жасындағы кеңесі

Арыс қаласы

2018 ж 10 желтоқсан

№ 3 Хаттама

Катысуга тиісті: 6

Катысқандар: 6

Катыспаганы: жоқ

Күн тәртібінде:

1. «Жана жыл» ертенгілігін ұйымдастыру, сценарийін бекіту және өткізу сапасын талдау. Жауапты: әдіскер Кунходжаева Л.
2. Тамактандыруды ұйымдастыру сапасын талқылау. Жауапты: Өмірбек Токжан

3. Балалардың төлемақы мәселелері. Жауапты: Топ тәрбиешілері

Балабақша менгерушісі К.Кунходжаева кезекті менгеруші жасындағы кеңесті ашып берді. Балабақшамызды одан әрі дамытып, ұйымшылдықпен жұмыс жасауға шақырды.

Күн тәртібіндегі мәселелер бойынша тыңдалды:

1. Балабақша әдіскері Кунходжаева Л. «Жана жыл» ертенгілігін ұйымдастыру, сценарийін бекіту және өткізу сапаларын талдап әр топ тәрбиешілеріне ертенгілікпен қатар «Жана жыл» көрмесін ұйымдастыруға кеңес берді. Көрмеде қолдан жасалған жаңа жылдық көрнекіліктер қойылу керектігін айтты.
2. Балабақша медбикесі Өмірбек Т.сөз алды. Тамактану - баланың физиологиялық және психологиялық өсу үдерісінің қалыпты, дұрыс өтуін қамтамасыз ететін маңызды факторлардың бірі, Тамақ сапасының төмендеуі бала ағзасының қорғау-бейімдеу механизмінің деңгейінің төмендеуіне әкеліп соғады және аллергиялық әрекеттің өсуіне мүмкіндік туғызады, сондай-ақ асқорыту ағзасының ауруына себепші болады. Сондықтан да біздің балабақшада тамақ сапасына ерекше көңіл бөлінеді.

Біздің мекемеде тамақты ұйымдастырудың негізгі принциптері мыналар:

- * Тамақ мөлшерінің энергетикалық құндылықтары баланың энергетикалық шығындарына сәйкес келеді;
- * Тамақ мөлшеріндегі барлық ауыстырылатын және ауыстыруға болмайтын азық түліктер теңдестірілген.
- * Тамақ мөлшерінің теңдестірілуін қамтамасыз ететін азық-түліктер мен тамактардың көптеген түрлері;

- * Азық-тұліктардің технологиялық және аспаздық дұрыс өндөлуі, олардың тамақ құндылықтарының бастапқы қалпын сақтауға бағытталған, сондай-ақ тағам дәмінің жоғары сапасы.
- * Үйлесімді тамақтану тәртібі, айналадағы жағдай балалардың тамақтаны мәдениетін дағдыландыруға себепші болады;
- * Тамақтануға деген гигиеналық талаптарды сактау (тамақтану қауіпсіздігі) Біздің балабақшада күніне 3 рет тамақтанады:

3 –ші мәселе бойынша әр топ тәрбиешілері балалардың төлемақысының қазан, қараша айындағы есебін тапсырды.

Қабылданған шешім:

1. «Жаңа жыл» ертеңгілігінің сценарий бекітуге ұсынылсын
2. Тамақтандыруды ұйымдастыру қадағалау медбикеге жүктелсін.
3. Балалардың төлемақысы ата-аналардың келісімі бойынша әр айдың 25нен кешіктірмей төлем жасауларына ықпал ету

Менгеруші жаңындағы

кенес торайымы:

Хатшы:



К.Кунходжаева

Г.Кұлман

ЖШС «Күншуак» балалар бақшасының Менгеруші жанындағы кеңестің №4 хаттамасы

Арыс қаласы Қатысқандар: 6

Мерзімі:04.05.2019

Күн тәртібінде қаралатын мәселелер

1. Откен кеңестің шешімдерінің орындалуы туралы.
 2. Қорытынды мониторинг туралы.
 3. Жазғы сауықтыру жұмысын бекіту.

1.Тыңдалды: Балабақша менгерушісі К.Кунходжаева сөз алды.Ол өз сөзінде өткен кеңес шешімдеріне тоқталды.Бақылау мен басшылық жан жақты тексеру болып өтті.Тәрбиешілер балаларға таным саласы бойынша балалардың ой қиялын дамытты. Дене тәрбиесінде ұлттық ойындарды қолдану тәсілі атты баяндама оқылып,тәрбиешілер өз білімдерін жетілдірді.

2.Тыңдалды: Балабақша әдіскері Л.Кунходжаева сөз алды.Ол өз сөзінде Бақылау және басшылық қорытынды мониторинг болып өтті.Қорытынды тексерудің мақсаты балалардың жылдық білім деңгейінің нәтижесі жақсы көрсеткішті көрсетті.

4.Тыңдалды:Балабақша менгерушісі К.Кунходжаева сөз алды . Ол өз сөзінде 2018-2019 оқу жылы 25 мамырда аяқталып,жаз айларында жазғы сауықтыру кестесі түзіліп бекітіп берді

Жиналыс қаулы етеді:

1. Өткен кеңес шешімі орындалды.
 2. Корытынды мониторинг есеп берілсін.
 3. Жазғы сауықтыру кестесі бекітілсін.

Кеңес төрағасы:
Хатшы:



К.Кунходжаева
Л.Кунходжаева

**ЖШС «Күншуақ» балалар бақшасы
Менгеруші жанындағы кеңес хаттамасы.**

№1

Арыс қаласы

Қатысқаны: 6

Қатыспағаны: жоқ

Мерзімі: 10.09.2019

Күн тәртібінде қаралатын мәселелер:

1. Жалпы ата аналар жиналысы туралы.
2. 1 қыркүйек «Білім күнін» атап өту.
3. «Алтын күз», «Республика күні» мерекелерінің сценарийін бекіту.
4. Кіріс күжаттарды талқылау.

1. Тыңдалды. Балабақша менгерушісі К.Кунходжаева сөз алды. Осы айдың басында жалпы ата аналар жиналысының өтілуі жайында ұжыммен келісе отырып күн тәртібін түзді. Үлкен залға өткізіп, 100% болмаса да 60-70% ата аналар келу керек. Себебі балалары азаннан кешке дейін балабақшада болғандықтан олардың күнделікті тәрбиесі, білімі, жүріс тұрысы жағынан хабардар болып отыруы тиіс. Күн тәртібінде қаралатын мәселелер.

- 1) бақша аясы мен ұжым мүшелерін ата аналармен таныстыру.
- 2) «Сіз қандаі анасыз?» сауалнама.
- 3) «Дені сау бала ұлттың саулығы» мейірбикенің баяндамасы.

Сөз алғандар.Балабақша мейірбикесі Танашова Ақмарал сөз алды. Мен ата аналар жиналысына «Дені сау бала ұлттың саулығы» атты баяндамамды дайындаған келемін. Сен тәрбиеші, сен кіші тәрбиешісің деп бөлінбей, бірігіп жұмыс жүргізейік деді.

2.Тыңдалды. Балабақша менгерушісі К.Кунходжаева сөз алды. Ол өз сөзінде кешегі өткен білім күнімен тәрбиешілерді, ұжымды құттықтап шықты. Бұл да үлкен мереке. Жер жерлерде өтілетін дәстүрге айналған мереке десек артық айтпаймыз.«Оқу инемен күдік қазғандай» демекші, жан жақты ізденіп, терең білім алған адам ғана өз басын алып жүреді. Қазіргі таңда күш білекте емес білімде. Бұл нақыл сөздер тегіннен айтылмаған. Білімді, сауатты, оқыған адам ғана жарыққа шыға алады. Сол себепті ұжым мүшелері жан жақты ізденіп, өмірдегі болып жатқан жаңалықтардан пендे болмай, дұрыс жолға көшініздер деді. Сөз алғандар.Балабақша әдіскері Кунходжаева Л. сөз алды. Балабақшада өтілген тәрбиешілердің «Білім күніне» арналған ертеңгіліктеріне тоқталды. Бізде барлық топ білім туралы тақпақтар айтты. Өлең айтып, би биледі. Ұйымдастырылған оқу қызметін топ тәрбиешілері 10-15 мин уақыттарын бөліп сабак өтті.

3.Тыңдалды. Балабақша әдіскері Л. Кунходжаева сөз алды. Ауданнан білім беклімінен т.б бүйректар, хаттардың келіп жатқанын айтты. Дер кезінде сұралған

жеріне тиісті құжаттар тапсырылып, шығыс номерлері қойылып, бір көшірмесін балабақшада сақтап қойып жатырмыз деді.

Жиналыс қаулы етеді :

1. Жалпы ата аналар жиналысы өз деңгейінде өтілсін.
2. Аталған өртөндіктердің өз деңгейінде өтілуіне тәрбиешілер жауапты.

Төрайымы балабақша мемгерушісі:
Хатшы:



К.Кунходжаева
З.Шорабекова

**ЖШС «Күншуақ» балалар бақшасы
Менгеруші жанындағы кеңес хаттамасы.
№2**

**Арыс қаласы
Қатысқаны: 6
Қатыспағаны: жок**

Мерзімі: 12.11.2019ж

Күн тәртібінде:

1. Өткен кеңес шешімдерінің орындалуы.
2. «Алтын күз», «Республика күні» мерекелерінің талқылау.
3. Балалардың өмір қауіпсіздігін сактау.
4. «Жаңа жыл», «Тәуелсіздік күні» мерекелерінің сценарийін бекіту.
5. Топтарда жаңа стандарт бойынша жүргізілетін оку қызметін тексеру .

1. Тыңдалды. Балабақша менгерушісі К.Кунходжаева сөз алды. Өткен кеңестің орындалуы жайында сөз қозғады. Өткен кеңестің шешімдері дер кезінде орындалып жатқандығын тәрбиешілер өз ісімен дәлелдеп берді

2.Тыңдалды.Балабақша менгерушісі К.Кунходжаева сөз алды.Республика күніне топтарда ашық ұйымдастырылған оку қызметі өткізілді. Маханбетова М. тобында «Көңілді асықтар»атты ашық ұйымдастырылған оку қызметіне ендім. «Алтын күз мерекесі» тақырыбында топ тәрбиешілері өз ертеңгіліктерін көрсетті. Нәтижесінде өткізген іс шаралары мен ертеңгіліктері қоңыліме қонды.

3.Тыңдалды.Балабақша менгерушісі К.Кунходжаева сөз алды.Жақсы ұйымдастырылған жұмыстың нәтижесінде әрбір қызметкердің балалардың өмірі мен денсаулығы үшін жауапты. Балалармен болған әрбір бақытсыз, келеңсіз жағдай туралы тез арада басшығы хабарланады. Ол алғашқы медициналық көмек беру мен медпунктке,қажет жағдайда басқа бір емдеу мекемесіне жеткізуге,бақытсыз жағдайды тудырған себептерді жою біша тез арада шара қолдануға,болған оқиға туралы білім бөліміне хабар беруді ұйымдастыруға міндettі. Сөз алғандар. Балабақша мейірбикесі Танашова Ақмарал сөз алды. Балалардың өмір қауіпсіздігін сактау мақсатында шараларын,сабактар өткізіп жатырмын.Тәрбиешілер,ұжым бұл жағдайдан хабардар.Айтқан жерден аулақ,құдай сақтасын,балаларға бір нәрсе бола қалса бірінші мен алғашқы көмекті көрсетемін деді.

4.Тыңдаллды.Балабақша әдіскері З.Шорабекова сөз алды. Ол өз сөзінде «Тәуелсіздік күні», «Жаңа жыл» мерекелерінің сценарийін бекіту жайлы айтып өтті.«Тәуелсіздік күніне» ортаңғы топ «Тәуелсіздік тұғырым» атты ертеңгілігін алдын ала бекітіп,өткіzsіn. «Жаңа жыл» мерекесіне орай барлық топтарда ертеңгіліктер өткізілсін. Ата аналарды шақырып, өз деңгейінде өтілуін қадағалауды тәрбиешілерге тапсырды.

5.Тыңдалды.Балабақша менгерушісі К.Кунходжаева сөз алды. Тәрбиеленушілер мен білім алушылардың апталық оку жүктемесінің жол берілетін ең жоғары мен ұйымдастырылатын оку іс әрекеттің ұзактығы баланың

денсаулығы мен психикасын қорғау мақсатында енгізілді. Білім беру сал аларының мазмұны ұйымдастырған оқу іс әрекеті баланың өзіндік іс әрекеті және ересек адам мен баланың бірлескен іс әрекеті арқылы іске асырылды. Тексеріс кезінде топ тәрбие шілері негізгі ережелерді басшылыққа ала отырып, өз жұмыстарын жүргізін жатыр деді.

Жиналыс қаулы етеді:

1. Балалардың өмір қауіпсіздігін сақтау ережелері басшылыққа алынын.
2. Аталған мерекелер өз деңгейінде өтілсін.
3. Стандарт ережелерін топ тәрбиешілері жадында ұстасын.

Төрайымы балабақшаменгерушісі:
Хатшы:



К.Кунходжаева
З.Шорабекова

**ЖШС «Күншуак» балалар бақшасы
Менгеруші жаңындағы кеңес хаттамасы.**

№3

Арыс қаласы

Катысқаны: 6

Катыспағаны: жоқ

Мерзімі: 21.01.2020ж

Күн тәртібінде:

1. Откен кеңес шешімдерінің орындалуы.
2. Баланың дene шынықтыруға дайындығы мен физикалық дамуының талдауы.
3. «Жаңа жыл», «Тәуелсіздік күні» мерекелерін талқылау.
4. Ұйымдастырылған оқу іс қызметі арасында дидактикалық ойындар өткізілуін тексеру.

1. Тыңдалды. Балабақша менгерушісі К.Кунходжаева сөз алды. Откен кеңестің орындалуы жайында сөз қозғады. Тәрбиешілер өз есептерін берді. Стандартты басшылыққа ала отырып жұмыстар жүргізіп жатырмыз. Балалардың өмір қауіпсіздігін сақтау ережелерін орынданап отырмыз деді тәрбиеші.

2. Тыңдалды. Екінші мәселе бойынша балабақша мейірбикесі Танашова Ақмарал сөз алды. Ол өз сөзінде баланың дene шынықтыруға дайындығы мен физикалық дамуына тоқталды. Балабақшада дene шынықтыру оқу іс әрекетін тәрбиешілер өз топтарында стандарт талабына сай жүргізіп отыр. Дене шынықтыру оқу іс әрекетін жоспар бойынша түзілген тақырыптар тізбегі бойынша әр топ өз уақытына сай өткізіп жатыр. Мен топ тәрбиешілеріне баланың физикалық дамуын толыққанды қамтамасыз ету үшін мына факторларды ұсынғым келіп отыр деді.

- 1) Көңілді эмоциялық ахуалмен тиімді гигиеналық жағдайды жасау.
- 2) Накты қалыптасқан күн тәртібі мен қамтамасыз ету.
- 3) Дұрыс тамақтануды ұйымдастыру.
- 4) Физикалық жаттығуларды кеңінен күнделікті пайдаланып, дағдыға айналдыру.
- 5) Бала ағзасын жүйелі түрде шынықтыру.
- 6) Түрлі аурулардың алдын алу шараларын ұйымдастыру.

Осы факторларды дұрыс ұйымдастырып, практикада жүзеге асырса, онда біз, толық қанды дені түзу, сау ұрпақ тәрбиелей аламыз деді.

3. Тыңдалды. Балабақша менгерушісі К.Кунходжаева сөз алды. Ол өз сөзінде «Тәуелсіздік күні», «Жаңа жыл» мерекелерінің етілу деңгейіне тоқталды. Тәрбиеші Балғабаева С. тобында етілген «Тәуелсіздік күніне» арналған ертеңгілік ұнағаттанарлық деңгейде болды.

4. Тыңдалды. Балабақша менгерушісі К.Кунходжаева сөз алды. Тәрбиешілердің іс әрекеттерінде дидактикалық ойындардың қаншалықты дәрежеде етіліп жатқанына тоқталды. Жалпы дидактикалық ойындардың етілу деңгейіне жалпылама шолу жүргізді. Тәрбиешілер өз топтарында сюжеттік рөлдік ойындарды толықтырып балалардың өз бетінше ойнауына мүмкіндік беру керек. Дидактикалық, логикалық ойындарын толықтырып бала ның

қызығушылығын, зейінін, адамгершілік, шығармашылық қасиеттерін дамытып отыруымыз керек. Сөз алғандар. Топ тәрбиесі Маханбетова М. сөз алды. Ойын әрекетінде жақсы әдептерімен адамгершілік қасиеттерін қалыптастыру, танымдық қасиеттерін дамыту, ойын үрдісінде жолдастарына тілек, қарым қатынасын, олармен санаса білуді, қызын жағдайда көмектесе білуге дағдыландыру жолдарын үйретіп жатырмыздеді.

Жиналыс қаулы етеді:

1. Откен кенес шешімдері орындалсын.
2. Баланың дене шынықтыруға дайындығы мен физикалық дамуыны талдалынсын.
3. «Жаңа жыл», «Тәуелсіздік күні» мерекелерін.
4. Ұйымдастырылған оку қызметі арасында дидактикалық ойындар өткізілуі тексерілсін.

Тәрайымы балабақша мемгерушісі:

Хатшы:



**К.Кунходжаева
З.Шорбекова**

**ЖШС «Күншуақ» балалар бақшасы
Менгеруші жанындағы кеңес хаттамасы.
№3**

**Арыс қаласы
Катысқаны: 6**

Мерзімі: 11.03.2020ж

Күн тәртібінде қаралатын мәселелер:

- 1.8-22 наурыз мерекелерінің сценарийін бекіту.
- 2.Баланың тілдік,дыбыстық мәдениетін,сөздік қорын дамытудың әдіс тәсілдерін үйрету.
3. Оқу бағдарламасын менгеру деңгейі.
4. Көгалдандыру мәселесі.

1. Тыңдалды. Балабақша менгерушісі К.Кунходжаева сөз алды. Ол өз сөзінде алда келе жатқан 8-22 наурыз мерекелерінің өтілуі жайында сөз қозғады. Эр топ тәрбиешісі 8 наурызға ата аналарын шақыртып,сценарийін жеке жеке түзулерін айтты. Ертеңгілік өз деңгейінде өтілсін деген ұсыныс айтты. Ал 22 наурыз «Ұлыстың ұлы күніне» орай барлық топ қосылып қазақтың салт дәстүрлерін көрсетіп «Әжелер сайысын» немесе «Қызы сынын» өткізуін ұйымдастырысын деп тәрбиешілерге ұсыныс тастады.

2.Тыңдалды.Топ тәрбиешісі Габидулина Г. сөз алды.Баланың сөздік қорын,тілдік дыбыстық мәнерін қалыптастыру мәселесіне тоқталды. Негізгі тілдің қабілетін дамыту өз ана тілінде еркін және дұрыс сөйлеуге үйрету және көркем шығармаға қызығушылығын арттыру. Оқылған шығ арманың мазмұнын түсініп,қуанышқа бөленіп,оқиғаны талдауға,оны са хналауға ынтасын ояту жұмысын жасатып жатырмыз деді.Сөз алғандар. Балабақша әдіскері 3.Шорабекова сөз алды. Ол өз сөзінде тәрбиешінің сөзін қостай келе құр сөзбен үйтіп жатырмыз,бұйтіп жатырмыз демей,сол нәрсенің іс жүзінде орындалуын қадағаландар деп ұсынысын білдірді.

3.Тыңдалды.балабақша менгерушісі К.Кунходжаева сөз алды. Оқу жылының жарты жылдығы бойынша аудандағы білім бөліміне өз есептерімізді берген болатынбыз. Нәтижесінде екі топтың оқу деңгейі орта деңгейден сәл ғана жоғаары көрсеткішке ие болды. Неліктен деп ойлайсыңдар? Себебі тәрбиешілердің балаларға қаншалықты білімдерін беріп жатқандары осыдан байқалады. Бұл қателік екінші жарты жылдықта қайталанбасын деген ұсынысын айтты. Осыдан біздің тәрбиешілеріміздің шығармащылық құзіреттіліктерінің деңгейі келіп шығады. Ал өздеріңіз ойланыңыздар, бала көрсеткіші сондай болса сіздердің қандай болмақ деді. Тәрбиешілердің ізденуін,оқуын,талап етті.

4.Тыңдалды.Балабақша менгерушісі К.Кунходжаева сөз алды. Көгалдандыру мәселесіне тоқталды. Көктем де келді. Жан жақты тазалап,айналаны жасыл желекке айналдыруымыз керек. Бұған тікелей шаруа менгерушісі өз жауапкершілігі мен қарауы туіс. Кем дегенде елу түп ағаш отырғызылуы керек. Айналаны,талдардың түптерін әктең сырлап коюымыз керек. Бұның да мәліметі білім бөліміне тапсырылады деді.

Жиналыс қаулы етеді :

1. Аталған мерекелер өз деңгейінде өтілсін.
2. Баланың тілдік, дыбыстық мәдениетін қалыптастыру жұмыстары қолға алынсын.
3. Оқу бағдарламасының деңгейінің жоғары дәрежеде көрсеткішке ие болуын тәрбиешілер іске асырсын.
4. Көгалдандыру мәселесіне ұжым болып атсалыссын.

Төрайымы балабақша менгерушісі:

Хатшы:



**К.Кунходжаева
З.Шорабекова**

**«Күншуақ» балалар бақшасының
Менгеруші жанындағы кеңестің
№1 хаттамасы**

**Қатысқандар: 5 педагог
Қатыспаған: жок**

09.09.2020ж

Күн тәртібінде қаралатын мәселелер:

1. Топтардың жаңа оқу жылына дайындығы.(шолу тексеру қорытындысы)
2. Топтарды жинақтау, тәрбиешілер мен көмекшілерді бекітіп, лауазымдық міндеттерімен таныстыру.
3. «Тіл мерекесіне» арналған тақырыптық сабактарды, «Алтын күз» мерекесінің жоспарын бекіту.
4. Жалпы ата – аналар жиналышына дайындық.

1. Тыңдалды: Бірінші мәселе бойынша балабақша менгерушісі Кунходжаева К. сөйледі. Барлық топтарда табиғат бұрышын, ойыншықтар бұрышын, кезекшілік бұрышын толықтыруды, үлестірмелі материалдарды жаңашаландыруды тапсырды. Қорытынды анықтама бойынша жазғы жөндеу жұмыстарының сапасы, топтардың тазалығы, жарықтандыру, киім ілетін шкафтардың жеткіліктігі, ата-ана бұрышының, денсаулық бұрышының, табиғат бұрыштарының толықтырып безендіруі, ұстел-орындықтардың, ыдыстардың, төсек-жаймалардың жеткіліктілігі, таңбалануы, ойыншықтардың сертификатталғандығы, сө杰еттік-рөлдік, дидактикалық ойындар топтамасының болуы, кітап бұрышының жасақталуы тексеріліп, кемшиліктері анықталды. Кемшиліктерді түзетуге 1 апта мерзім берілді. Кереуеттер, шкафтар, түбектер, сұлгілер, төсек орын нөмірленіп, балалар танитын суреттермен белгіленуі тиіс, балалар тізімі анықталып іліну керек.

2.Тыңдалды: Балабақша менгерушісі Кунходжаева К. -Балабақшада балаға қауіпсіз, ыңғайлы, жан-жақты тәрбие беретін бес салаға арналған дамытушы орта құрылуды қажет. Балаларға саналы, мазмұнды тәрбие беруде баланың ішкі жан дүниесін жетілдіре түсетін ойындар, оқу қызметтерін өтүге, көретін, бақылайтын, қабілеттін арттыратын материалдар болуға тиісті. Топтарды жаңа оқу жылына безендіріп, дамыту ортасын жаңалап отыру керек.

Органғы «Бейбарыс» тобы -25 бала

Тәрбиешілері: Балғабаева Салтанат

Тәрбиеші көмекшісі: Әмреева Гүлжан

Сайфуллаева Жайнагұл

Ересек «Арман» тобы -25 бала

Тәрбиешілері: Маханбетова Макпал

Шорабекова Зина

Тәрбиеші көмекшісі: Ерубаева Орынқұл

Байзақова Айсұлу

3. Тыңдалды: Тіл мерекесіне арналған апталықтың іс-шаралары жөнінде балабақша әдіскері Шорабекова З. өз сөзінде «Қазақ тілім-ана тілім» апталығы жобасымен таныстырыды. Жобаның мақсаты: өз тілімізде барлық бала бір-бірімен ой бөлісуге, ана тіліміздің қасиетін, қадірін біліп, құрметтеуге тәрбиелеу. Апталыққа оку қызметі, ертегі кештерін өткізууді ұсынды. Осылан орай 14-18 қыркүйек аралығында тіл апталығын онлайн арқылы атап өту жоспары бар, өз ойларының, жоспарларының туралы айтуларынызды, пікір алмасуларының шақырамын деді. Менгеруші келісім берді.

«Алтын күз» мерекесінің бағдарламасы жөнінде балабақша тәрбиешісі Махамбетова М. сөз алды. Балаларды шығармашылыққа байланыстыра отырып, алтын күз, жомарт күз туралы, ондағы үлкендердің еңбегі туралы түсініктерін байытып, кеңейтуде түрлі слайдтар жасап балаларға онлайн арқылы көрсетіп, ұйымдастырып, жемістер мен көкөністерден көрме жоспарланып, ата-аналарға үйде жемістер мен көкөністерден балалардың қалаған кейіпкерлерін жасап беруді өтініп, суреттерін ватсап желісі арқылы жіберіп, көрме ұйымдастырсақ деп өтіндік. 4. Тыңдалды : Жалпы ата-аналарға жиналыс жасауға дайындық жөнінде Балабақша менгерушісі Кунходжаева К. ата-аналармен жиналыс онлайн түрде болады. Эр топ өз тәрбиешілері арнағы чат ашып, әлеуметтік желісі арқылы ата-аналармен жұмыс жүргізсін. Қашықтықтан оқыту режимінде балаларға бейнесабактар өту үшін, ата-аналардың сұраныстары болуы тиіс, әр отбасыда қолжетімді байланыс түрлері, интернет болуы керек. Ата-аналар сабак барысында, баланың сабакты қабылдауы туралы және т. б. барлық сұрақтарды нақтылау үшін кері байланыс арқылы ата-аналармен өзара іс-қимылды қамтамасыз етіп отыруы тиіс. Ата-анаға ұйымдастырылған оку қызметінің кестесі жіберіледі. Ата-аналармен баланың қауіпсіздігі туралы кеңестер өткізуіміз қажет. Баланың үйдегі күн тәртібі, санитарлық талаптарды үйде де сақтау туралы кеңестер беріледі.

Жиналыс қаулы етеді:

- Шолу тексеру қорытындылары 10 қыркүйекке дейін орындалсын. Балабақшада заттық дамытушы орта құрылсын.
- Қыркүйектің 14-18 аралығында тіл апталығы онлайн түрде өткізілсін.
- Қазан айының 22-25 аралығында «Алтын күз» мерекесі өткізілсін.
- Жалпы ата-аналар жиналысы қыркүйек айының 14 жүлдызында арнағы чатта, онлайн түрде өткізілсін.

Төрайым:



Хатшы:

Кунходжаева К.

Шорабекова З.

**«Күншуақ» балалар бақшасының
Менгеруші жанындағы кеңестің
№2 хаттамасы**

**Катысқандар: 5 педагог
Катыспаған: жоқ**

11.11.2020ж

Күн тәртібінде қаралатын мәселелер:

- 1..Өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы
2. «Тіл мерекесі» тақырыптық сабак, «Алтын күз» мерекелерін талқылау
- 4.«Тәуелсіздік күні» және «Жаңа жыл» мерекелерінің бағдарламасын бекіту.

1. Тындалды : Балабақша әдіскері Шорабекова З.«Топтардың жаңа оқу жылына дайындығы» шолу тексеру бойынша анықталған кемшіліктердің өз мерзімінде орындалғанынын, топтарда дамыту орталары толықтырылғанын айтып өтті. Сонымен бірге «Қазақ тілім- ана тілім» апталығының өткізілуіне тоқталды. «Арман » ересектер тобыны «Ана тілім –туған тілім» тақырыптық сабакты онлайн өтті. Балалар үйге берілген тақпақтарын жаттап, ватсап арқылы сабаққа қосылып, берілген сұрақтарға , тапсырмаларға белсенді қатысып отырды.

Балабақшада тіл апталығының өтілуі «қанағаттанарлық» деп бағалауды ұсынды.Менгеруші келісім берді.

Сөйлемді : Балабақша Тәрбиешісі Балғабаева С.«Алтын күз» мерекесі жайлы айтып өтті. –Әрине бізге оңай болған жоқ, әлеуметтік желіде іс-шара өту өте киын. Дегенмен де ата-аналарға рахмет, бізben кері байланысқа шығып отырды, үйге берілген тапсырмаларды балалармен қосылып орындалды. Ата-аналар берілген тапсырма бойынша көкөністер мен жемістерден түрлі заттар жасап, ватсапқа салып отырды.Балалар күз туралы әнді жаттап айтып берді.

2. Тындалды: «Бейбарыс» ортаңғы тобында тәрбиешісі- Балғабаева С. - «Күз», «Қыс» тақырыбындағы картотекалар,түрлі-түсті сапалы жасалған. Бақылауда ауа райы, жанбырдың, сарғайған жапырактар, астық жинау суреттері бейнеленген және қардағы іздер, қардан жасалған мүсіндер, құстардың қысқы тіршілігі жоспарланған.

Ұсыныстар: Көктем, жаз картотекаларын дайындау.

«Арман» ересек тобының тәрбиешісі Маханбетова М. –«Көктем», «Қыс» мезгілдеріне арнап картотекалар жасаған. Сандары аз, толықтыру қажет.

Ұсыныстар: Ауа райының жайын белгілейтін күнтізбе жасау.

Көрмеге орта деген бағамен бағаланды. Алдағы уақытта айтылған кемшіліктер толықтырылсын.

3.Тындалды: Балаларға ата-бабамыз аңсаған, армандаған еркіндік, тәуелсіздік. Тәуелсіздік деген- білім, таным, даму, ынтымақ пен бірлік.

Еліміздің сауатты да енбеккор отан сүйгіш, ұл-қыздарымызбени бұлдіршіендеріміз бар екенін көрсете біletін, дәлелдей алатындағы ұлттық рухани байлыққа сенімге іс-шара болуы тиісті. Тәрбиешілер түгел формада, сән мен мән беретін үлгіде болуға шақырамын. Ал ұлттық іс-шараға рәміздер, әндер, билер, ойындар бағдарламада онлайн түрде болуға тиісті.

Жиналыс қаулы етеді:

1. Откен кеңестің шешімдерінің орындалуы қадағалансын.
2. «Тіл мерекесі» тақырыптық сабак, «Алтын күз» мерекелерін талқыланып жақсы деген баға берілсін
3. «Тәуелсіздік күні» және «Жаңа жыл» мерекелерінің бағдарламасы бекітілсін

Кеңес төрайымы:

Хатшысы:



Кунходжаева К.

Шорабекова З.

**«Күншуақ» балалар бақшасының
Менгеруші жанындағы кеңестің
№3 хаттамасы**

Арыс қаласы

13.01.2021 ж

Қатысқандар: 5 педагог

Қатыспаған: жоқ

Күн тәртібінде қаралатын мәселелер:

1. Откен кеңесінің шешімдерінің орындалуы.
2. «Тәуелсіздік күні», «Жаңа жыл» мерекелерін талдау.
3. «Шығармашылық» білім беру саласының жүргізілуі

1. Тындалды : Откен кеңестің орындалуы жөнінде балабақша менгерушісі Кунходжаева К.тоқталып өтті. Тәрбиешілер толықтыруды.

2. Тындалды: «Арман» ересектер тобының тәрбиешісі Маханбетова М. Тәуелсіздік күніне арналған «Тәуелсіздік тұғырым» тақырыбында ашық үйымдастырылған оқу қызметін талқылайтын болсақ, сабак онлайн ретінде қызықты өтті, балалар белсене қатысты. Отан туралы түсініктерін қалыптастырып, Қазақстанның тәуелсіздігі жайлы көп мағлұмат берді. Тәуелсіздік сезінің мән-мағынасын, рәміздерін таныстырыды. Тәрбиешілер Жақсы деген баға қойылды.

Сонымен бірге топтардың жаңа жылдық мерекесіне тоқталсақ, ата-аналар балаларды Жаңа жыл мейрамына киіндіріп, тақпақтарын айтқызып, ватсалар арқылы тәрбиешіге жіберді. Тәрбиеші балаларды мақтап, смайликтер арқылы ризашылығын білдірді.

Жаңа жылдық әндер жіберіп, балаларға, ата-аналарға керемет көңіл-күй сыйладық деуге болады.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты оқу жүктемесіне 5 білім саласының мазмұны кіреді: Денсаулық, Қатынас, Таным, Шығармашылық, Элеуметтік орта.

Шығармашылық білім беру саласының мақсаты:

мектеп жасына дейінгі балалардың сезімдік –эмоционалдық ортасы мен эстетикалық талғамын қалыптастыру, шығармашылық ойлау мәдениеті мен елестетуін дамыту.

Шығармашылық білім саласының базалық мазмұны:

сурет салу;
мұсіндеу;
жапсыру;
музыка.

Шығармашылық білім беру саласында баланың әлемге деген эстетикалық қатынасы мен ұлттық, классикалық және заманауи көркем құралдарының дамуымен бірге қалыптасуы қарастырылады. Балалар шығармашылығы мен

әрекеттерін біріктіру арқылы балалардың көркемдік қабілеттерін қалыптастырады. Музыка сабағында ырғакты музыкаға билеп, би қозғалыстарын орындайды. Ендігі жоспарда қабырғаларға айна ілу, балалар билегенде өз қимылдарын көріп, биге тез үйренеді.

Жиналыш қаулы етеді:

1. Мерекелік іс-шаралар тақырыбына, мақсатына сай жауапкершілікпен өткізілуі тиіс.
2. Балалардың білім біліктілігін дамытуда ұлгілік оқу бағдарламасы күтілетін нәтижесі негізінде жүргізілсін.
3. Шығармашылық білім саласы бойынша вариативтік бөлімдерге «Би үйренеміз» ересек топқа және ортаңғы топқа сурет салудан «Бейнелеу өнері» енгізілсін.

Кеңес төраіымы:

Хатшысы:



Кунходжаева К.

Шорабекова З.

**«Күншуак» балалар бақшасының
Менгеруші жанындағы кеңестің
№4 хаттамасы**

Арыс қаласы
Қатысқандар: 5 педагог
Қатыспаған: жок

Мерзімі 22.04.2021 ж

Күн тәртібінде қаралатын мәселелер:

- 1.Өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы.
2. 8-наурыз және 22-наурыз мерекелерінің қорытындысы туралы.

1.Тыңдалды: балабақша менгерушісі Кунходжаева К. сөз сөйледі. Ол өз сөзінде өткен кеңестің шешімдерінің орындалғаны туралы айтЫП өтті.

Балабақшада тәуелсіздік және жаңа жыл мерекелік ертеңгіліктері онлайн түрде ватсап арқылы жақсы деңгейде болЫП өтті.

2.Тыңдалды: екінші мәселе бойынша балабақша әдіскері Шорабекова З. Сөз алЫП Наурыз айынан бастап балабашамыз кезекші топтар жұмыс жасағанын айтты Кезекші топтардың жұмыс істеуіне ұсынымдар:

- 1) топтардың толымдылығы - 15 баладан артық емес;
- 2) балалар үстелдерін 1 метр қашықтықта орналастыру;
- 3) әрбір Ұйымдастырылған оку қызметінен кейін кабинеттерді желдету, кварцтау,
- 4) әрбір Ұйымдастырылған оку қызметінен кейін қолды жуу және арнайы құралдарды пайдалану.

Тәрбиеші мектепке дейінгі ұйымға бару мәселесі бойынша ата-аналармен түсіндіру жұмыстарын жүргізді (жұмыс тәртібі, жас топтары, денсаулық жағдайы, тиісті киім-кешек, күн тәртібін сақтау және т. б.), Кезекші топтардағы сабактар үлгілік оку бағдарламалары мен оку жоспарына сәйкес кесте бойынша өткізілді.

Ұйқы, демалыс, тамақтану, ұйымдастырылған оку қызметі режимі сақталады. Оку күні аяқталғаннан кейін ата-аналар балаларды алЫП кетті. Жәнеде 8-наурыз халықаралық әйелдер мейрамы мен 22-наурыз ұлының ұлы күнін сақтық шараларын сақтай отырып, ата-аналардың қатысуының жақсы деңгейде өткізді.

Жиналыс қаулы етеді:

1. Өткен кеңес шешімдері орындалды.
2. 8-наурыз, 22- наурыз мерекелері бекітілсін.

**Кеңес төрайымы балабақша менгерушісі:
Хатшы:**



**Кунходжаева К.
Шорабекова З.**

**ЖШС «Күншуак» балалар бақшасының
Менгеруші жанындағы кеңестің
№1 хаттамасы**

Арыс қаласы
Катысқандар: 6

Мерзімі: 10.09.2021ж

Күн тәртібінде қаралатын мәселелер

1. Жалпы және топтық ата -аналар жиналысына дайындық туралы.
2. «Ана тілім- мерейім» атты ашық оқу қызметін өткізу туралы.
3. Балалардың салмақ, бойларын өлшеу туралы.

1. Тындалды: Балабақша әдіскері З. Шорабекова сөз алды. Ол 2021 жылдың 16-17 қыркүйек аралығында жылдық жоспарда белгіленген іс- шараны орындау мақсатында балабақша педагогтары мен ата -аналарға болатынын айтты.
Ата- аналар жиналысында бірнеше мәселелер қаралады деді.

1. «Келіңіз танысайық» жаңа келген ата аналарға балабақша қызметкерлерін таныстыру және ата аналар комитетін сайлау және т.б. Күн тәртібінде қаралатын мәселелер бойынша жауаптылар дайындалып келіңіздер деді әдіскер.

2. Тындалды: Келесі мәселе бойынша балабақша менгерушісі К.Кунходжаева сөз алды. Жылдық жоспар белгіленген іс шараны орындау мақсатында балалармен жұмыс жүргізуіміз керек. Қыркүйек айында «Ана тілім- мерейлі» атты ашық оқу қызметі өтіледі. Ортаңғы топқа жауапты Габидулина Г. Ересек топқа жауапты тәрбиеші Шорабекова Ж. Тәрбие сағатының өткізу мерзімі 22-23 қыркүйек деді менгеруші.

3. Тындалды: Балабақша мейірбикесі Музабпар Э. сөз алды. Ол өз сөзінде балабақшага жаңадан келіп жатқан балалардың бойы және салмағын өлшеп, белгілеп жүргенін айтты. Ол бұл процедураны тамыз айында жүргізгенін айтты.

Жиналыс қаулы етеді:

1. Жалпы және топтық ата -аналар жиналысы қыркүйек айының 16-17 жүлдізында өткізілсін.
2. «Ана тілім- мерейім» атты тәрбие сағатын өткізу өткізілсін.
3. Балалардың салмақ, бойларын өлшеуі қадағкалансын.

**Кеңес тәрағасы:
Хатшы:**



**Кунходжаева К.
Шорабекова З.**

**ЖШС «Күншуақ» балалар бақшасының
Менгеруші жанындағы кеңестің
№2 хаттамасы**

**Арыс қаласы
Катысқандар: 6**

Мерзімі: 25.11.2021

Күн тәртібінде қаралатын мәселелер

1. Откен кеңестің шешімдерінің орындалуы.
2. «Тіл туралы» ашық оқу қызметін талқылау туралы.
3. Тәуелсіздік және жаңа жыл мерекелеріне дайындық туралы.
4. Тұрлі мәселелер.

1.Тындалды: балабақша менгерушісі К.Кунходжаева сөз сөйлемді.Ол өз сөзінде откен кеңестің шешімдерінің орындалғаны туралы айтты.Балабақшада жалпы және топтық ата-аналар жиналыстары өткізілді. Ортаңғы және ересек топтарында «Ана тілім асыл мұра», «Ана тілім – мерейлі» атты ашық оқу қызметін өткізілді.Балабақшада балалардың салмағы бойлары өлшенеді.

2.Тындалды: Балабақша менгерушісі К.Кунходжаева сөз сөйлемді.Ол балабақшада болып откен ашық оқу қызметіне тоқталды.2021 жылдың 22 қыркүйекпен 23 қыркүйек күндері, атап айтқанда орта топтың тәрбиешісі М.Менлібаева сахна мерекеге сай безендірген.Балалар «Ана тілі» туралы тақпақтар айтты.

Жетістіктері: балалар белсенді қатысты тақпақтарын жақсы айттып шықты.Қыздардың орындаудың «Мальенская страна» биі жақсы шықты. Кемшіліктері: ашық оқу қызметі концерттік бағдарламаға көбірек ұқсайды.Балалардың өздері аңыз – әңгімелер бойынша рольге бөліп сахналастырылған көрініс жасату керек еді. Балалардың қимылы өте аз.

3.Тындалды: балабақша менгерушісі К.Кунходжаева және әдіскері Шорабекова З. сөз сөйлемді олар өз сөздерінде еліміздің тәуелсіздігіне арналған еркін айтулы іс-шара келе жатқаны айттылды. 2021 жылдың 10-15 желтоқсан аралығында баланың барлық топтарында осы мерекеге ашық оқу қызметі өтіледі деді.Сондықтан мерекені бүлдіршіндерге арнап ұйымдастыруымыз керек. Өйткені бүлдіршіндерімізге отанын, рәміздерді құрметтеуді балабақшадан үйрену керек.Сонымен қатар ата-аналардың және балабақша ұжымының күшімен тәуелсіздік мерекеге арналған «Тәуелсіздік-тұғырым» атты ашық оқу қызметі ұйымдастыруымыз керек деп ескертті.

4.Тындалды: Балабақша менгерушісі К.Кунходжаева сөз сөйлемді.Ол қазіргі танда ауада жұқпалы вирустардың өршіп тұрғаны туралы айтты. Сөйлегендер: Музапбар Э. медбике- жұқпалы вирустық-гепатит, Ковит 19 ауруына шалдықпаудың бірден бір жолы дәрумендер мен құралдан жасалған варенье тосап сусындарды үнемі тұтыну қажет деді медбике.

Жиналыс қаулы етеді:

1. Откен кеңестің шешімдері орындалды.
2. Тәуелсіздік мерекесіне арналған ашық оқу қызметі және жаңа жылға дайындық жүргізілсін.
3. Вирустық жұқпалы ауруларға қарсы емдеу шаралар жүргізілсін.

Кеңес төрағасы:

Хатшы:



**Кунходжаева К.
Шорабекова З.**

**ЖШС «Күншуак» балалар бақшасының
Менгеруші жанындағы кеңестің
№3 хаттамасы**

**Арыс қаласы
Қатысқандар: 20**

Мерзімі: 12.01.2022

Күн тәртібінде қаралатын мәселелер:

1. Откен кеңестің шешімдерінің орындалуы.
2. Тәуелсіздік күні және жаңа жыл мерекелерінің қорытындысы туралы.
3. Тұрлі мәселелер.

1. Тындалды: Балабақша менгерушісі К.Кунходжаева сөз сөйлемі. Ол өз сөзінде откен кеңестің шешімдерінің орындалғаны туралы айтып өтті. Тәуелсіздік күні, жаңа жыл мерекелері болып өтті. Және де біздің балабақшаға балалардың денсаулығы жақсы, тұмай жоқ екенін айттып өтті.

2. Тындалды: Балабақша менгерушісі К.Кунходжаева сөз алды. Ол өз сөзінде тәуелсіздік күні барлық топта болып өтті. Тәрбиешілер ашық оқу қызметіне жақсы дайындалған.

Балалар өздерінің тақпақ, өлеңдерін айтып, Ләzzat, Қайрат аға-әпкелері секілді бойларын тік ұстап, көріністер құрып берді. Жаңа жыл мерекесі 26.01.2021 ж орта топта болып өтті. Топ іші мерекеге сай безендірілген. Балалар мерекелік киім киген. Топқа аяз ата мен ақшашар кіріп келіп балалардан мені таныдындарма деп сұрап, балалардан өлеңдерін сұрады. Мерекелік ертеңгілікті кемшіліктер болмады емес, болды. Балалардан өлең тақпақтарын айтып болғасын сәлем беруді үйретпеген.

27.01.2022ж ортаңғы топта болып өтті. Топ іші мерекеге сай безендірілген. Балалар тақпақтарын жақсы айтып шықты. Кемшіліктерде болды. Балалардың біреуінің аяқ киімі бар болса, біреуі жоқ.

3. Тындалды: Тұрлі мәселе бойынша балабақша менгерушісі К.Кунходжаева сөз алды. Ол өз сөзінде балаладың ұйықтар алдында киетін киімдерін, және топқа киетін аяқ киімдерін толық алдыру керектігін айтты.

Жиналыс қаулы етеді:

1. Откен кеңес шешімдері орындалды.
2. «Жаңа жыл» ертеңгілік мерекесі жақсы деп бағалансын.

**Кеңес төрағасы:
Хатшы:**



**Кунходжаева К.
Шорабекова З.**

**ЖШС «Күншуақ» балалар бақшасының
Менгеруші жанындағы кеңестің
№4 хаттамасы**

Арыс қаласы
Қатысқандар: 6

Мерзімі: 16.03.2022

Күн тәртібінде орындалатын мәселелер:

1. Откен кеңестің шешімдерінің орындалуы.
2. 1-мамыр сценарийін талқылау, бекіту.
3. Тұрлі мәселелер.

1. Тындалды: балабақша менгерушісі К.Кунходжаева сөзалды. Ол өз сөзінде откен кеңестің шешімдерінің орындалғанын айтты.

2. Тындалды: Балабақша менгерушісі К.Кунходжаева сөз алды. Ол өз сөзінде алдымызда 1-мамыр-бейбітшілік күні. Осыған орай балаларды достыққа мейрімділікке тәрбиелеп, ұлттар достығын түсіндіруіміз керек. Эр ұлттың биін үйретіп, тақпактар, өлеңдерін үш тілде айтқызу керек деп түсіндірді..

3. Тындалды: Тұрлі мәселелер бойынша балабақша медбикесі Музапбар Э. сөз алды. Ол өз сөзінде жануарлардың құтыру вирусы адамдар үшін өте қауіпті. Қазір көктем, жаз айларында бұл ауру түрі көбейеді, және де жануарлар тістеп алған жағдайға тез арада медицина қызметкерлеріне көріну керек екендігін айтып өтті.

Жиналыс қаулы етеді:

1. Откен кеңес шешімдері орындалды.
2. 1 мамыр сценарийі бекітілді.

**Кеңес төрағасы:
Хатшы:**



**Кунходжаева К.
Шорабекова З.**

**ЖШС «Күншуақ» балалар бақшасының
Менгереуші жанындағы кеңестің
№5 хаттамасы**

Арыс қаласы
Қатысқандар: 6

17.05.2022

Күн тәртібіндегі қаралатын мәселелер

1. Өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы.
2. Жазға маусымға өту туралы.

1.Тындалды: бала бақша менгерушісі Беркиншенова С. сөз алды. Ол өз сөзінде өткен кеңестің шешімдері орындалды. Бірінші мамыр және мерекелері қанағаттанарлық деңгейде өтілгені жайлы талқыланды.

2.Тындалды: балабақша менгерушісі Беркиншенова С. сөз алды. Ол өз сөзінде 25-мамырда оқу жылы аяқталып, жазғы сауықтыру басталатынын айтты. Тәрбиешілерге мектеп табалдырығын аттайтын балдармен қоштасу кеші яғни ертеңгіліктің сценариін тексеріп, жақсы деңгейде өткізулерін бұйырды. Жазғы сауықтыру кестесі бекітіліп, оны жоспарлау мектепке дейінгі үйім жұмысын жүйелі, тиімді жүргізу негізі болып табылады және сапалы жұмыс жасауды қамтамасыз етуді, тәрбиешілерге жазғы сауықтыру жұмыстары беріліп, сапалы жұмыс жасауды тапсырды.

Жиналыс қаулы етеді:

- 1.Өткен кеңес шешімдері орындалды.
- 2.Жазғы сауықтыру кестесі бекітіліп, оқу қызметтері жазғы маусымға ауыстырылсын.

**Кеңес төрағасы:
Хатшы :**



**Беркиншенова С.
Абдукаримова А.**